

«Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Міг» балабақшасының
№1 педагогикалық әдеп кенесінің отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 20. 09. 2024 жыл
Өткізілген орны: «Міг» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Қатыспағаны: 0
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Қонысова Ж.Ж

Күн тәртібінде:

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және педагогтің әдеп ережелері.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, балабақша құрылтайшысы және меңгерушісі Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна сөз сөйледі.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының негізгі талаптары және педагогтердің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Педагогтің кәсіби әдебі, қоғам алдындағы жауапкершілігі, қызметтік тәртібі және білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері қарастырылды. Заң талаптарын сақтау педагогтің кәсіби беделін арттырудың негізгі кепілі екендігі атап өтілді.

Қаулы етті:

* «Педагог мәртебесі туралы» Заңының талаптарын және педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау.

* Кәсіби қызмет барысында педагогтің құқықтары мен міндеттерін басшылыққа алу.

* Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

—

2-мәселе бойынша, балабақша психологы Молдағали Назерке Жанболатовна сөз сөйледі. Педагогтардың өзін ұстауы, киген киімі барлығы педагогикалық әдеп қағидасына жататындығын айтты. Және әр педагог сол дәрежеге сай болу керек деді.

Педагогтің сыртқы келбетінің білім беру ұйымындағы кәсіби мәдениеттің маңызды бөлігі екендігі айтылды. Іскерлік стильді сақтау, ұқыпты киіну, жеке бас гигиенасын сақтау және балаларға үлгі бола білу мәселелері талқыланды. Педагогтің сыртқы келбеті ұйымның оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Шешімі:

* Педагогтерге іскерлік және ұқыпты киім үлгісін сақтау ұсынылсын.

* Жеке бас мәдениеті мен сыртқы келбетке қойылатын талаптарды күнделікті жұмыста ұстану.

* Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін орындау.

3-мәселе бойынша, балабақша әдіскері Едигина Жадыра Ондасыновна сөз кезегін алды.

Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау мәселесі қарастырылды. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста өзара құрмет, сыпайылық, әділдік, жауапкершілік және құпия

ақпаратты сақтау қағидаларының маңыздылығы талқыланды. Педагогтің кәсіби беделін нығайту үшін этикалық нормаларды сақтау қажеттігі айтылды.

Шешімі:

- * Педагогикалық этика нормаларын кәсіби қызметте қатаң сақтау.
- * Ұжымда өзара сыйластық пен ынтымақтастық мәдениетін дамыту.
- * Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:  Жиенбаева М.Б.

Хатшы:  Қонысова Ж.Ж.



«Mir» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Mir» балабақшасының
№2 педагогикалық әдеп кеңенсінің отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 19. 12. 2024 жыл
Өткізілген орны: «Mir» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Қатыспағаны: 0
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Қонысова Ж.Ж

Күн тәртібінде:

1. Жаңадан келген педагогтар мен жас мамандар үшін педагогикалық этика қағидаларын зерделеу.
2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна сөз сөйледі, жас мамандарды атай отырып тікелей жұмыстану қажеттігіне тоқталды.

Жаңадан келген педагогтер мен жас мамандарға педагогикалық әдеп қағидалары түсіндірілді. Кәсіби қызмет барысында педагогтің құқықтары мен міндеттері, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау мәдениеті, педагогтің жауапкершілігі мен кәсіби мінез-құлқы туралы ақпарат берілді. Жас мамандарға күнделікті қызметте педагогикалық этика нормаларын басшылыққа алу қажеттігі айтылды.

Шешімі:

* Жас мамандар педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.

* Әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнатылсын.

* Жас педагогтерге тәжірибелі ұстаздар тарапынан әдістемелік қолдау көрсетілсін.

2-мәселе бойынша, балабақша психологы Молдағали Назерке Жанболатқызы сөз сөйледі.

Педагогикалық әдеп қағидаты бойынша жұмыс жасау әдептілік пен сөйлеудің маңызына тоқталды.

Педагогтің сөйлеу мәдениетінің кәсіби қызметтегі маңызы қарастырылды. Педагогтің анық, сауатты, әдепті және түсінікті сөйлеуі, дауыс ырғағын дұрыс қолдануы, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық танытуы талқыланды. Сондай-ақ, қызмет барысында дөрекі сөздер мен орынсыз сөйлеуге жол бермеу қажеттігі атап өтілді.

Шешімі:

* Педагогтер сөйлеу мәдениетін үнемі жетілдіріп отырсын.

* Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік пен сыпайылық қағидалары сақталсын.

* Педагогтердің коммуникативтік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:  Жиенбаева М.Б.

Хатшы:  Қонысова Ж.Ж.



«Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Міг» балабақшасының
№3 педагогикалық әдеп кеңесінің отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 14. 03. 2025 жыл
Өткізілген орны: «Міг» балабақшасы
Қатысқандар саны: 8 адам
Қатыспағаны: 0
Төраға: Жиенбаева М.Б
Хатшы: Қонысова Ж.Ж

Күн тәртібінде:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша психологы Молдағали Назерке Жанболатқызы сөз сөйлеп, педагогтердің жеке фотосуреттер мен бейнематериалдарды әлеуметтік желілерде және басқа да ақпараттық алаңдарда жариялау барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау қажеттігі туралы баяндады.

Сондай-ақ, жарияланатын материалдардың мазмұны педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс екендігі атап өтілді.

Қаулы:

1. Педагогтерге жеке фотосуреттер мен бейнематериалдарды жариялау кезінде педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтау ұсынылсын.
2. Әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдардың мазмұнына жауапкершілікпен қарау тапсырылсын.
3. Педагогтің абыройы мен беделіне нұқсан келтіретін ақпараттарды жариялауға жол берілмесін.

4. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:



Жиенбаева М.Б.

Хатшы:



Қонысова Ж.Ж.

«Міг» мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы «Міг» балабақшасының

№4 педагогикалық әдеп кеңесінің отырысының хаттамасы

Откізілген күні: 17. 05. 2025 жыл

Откізілген орны: «Міг» балабақшасы

Қатысқандар саны: 8 адам

Қатыспағаны: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Қонысова Ж.Ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагог бейнесі.
2. Өзін-өзі тәрбиелеу жолдары.
3. Педагогтардың әлеуметтік желідегі, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Жиенбаева М.Б. сөз сөйледі.

Педагог бейнесі туралы толық ақпарат беріп сөз сөйлеп, педагогтің кәсіби мәдениеті, сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі мен тәрбиеленушілерге үлгі болу қажеттігі туралы баяндады. Балабақшадағы ата ана мен тәрбиеленушілер үшін педагогтің ролі зор екенін айтты. Осыған орай, барлығы тиесілі әдепті сақтауы қажет екендігін айтты.

Қаулы:

- * Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауына назар аударылсын.
- * Педагогтің жағымды имиджін қалыптастыру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Өзін-өзі тәрбиелеу жолдары туралы баяндама жасап, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, өзін-өзі дамыту, кітап оқу, семинарларға қатысу қажеттігін атап өтті. Семинар және конкурстар педагогтердің өздерін жаңа қырынан көрсетуіне себебі мол екенін айтты. Балабақша педагогтерді заманауи сатыда жоғарылап, әрқашан даму үстінде жүру керек деді. Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық сайыстарға атсалысып тек өздерін деңгейін көтеруі қажет.

* Педагогтерге өзін-өзі дамыту жоспарын құру ұсынылсын.

* Біліктілікті арттыру курстарына қатысу жалғастырылсын.

Қазіргі заман талабына сай барлық педагогтер әлеуметтік желілерге мейлінше көңіл бөлуі керек деді. Барлық сайт, қоғамдық орындар, интернет ресурстар қазір жан жақты даму үстінде. Сондықтан бәрімізге өте мұқият және жауапты болуы керек деді.

Қаулы:

* Педагогтер әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындарда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.

* Әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдардың мазмұнына жауапкершілікпен қарау ұсынылсын.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы:

Жиенбаева М.Б.

Хатшы:

Қонысова Ж.Ж.

